



Автор: Баймуратова Шолпан Жумабаевна

Пән: Математика

Сынып: 5-сынып


Бөлім: Жай бөлшектер және оларға амалдар қолдану

Тақырып: Жай бөлшектерді қосу және азайту.

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.1.2.17 бөлімдері бірдей бөлшектерді қосу және азайтуды орындау; 5.1.2.18 бөлімдері әр түрлі бөлшектерді қосу және азайтуды орындау;
Сабақтың мақсаты:	Оқушылар жай бөлшектерді қосу және азайту амалдарын орындай алу.
Күтілетін нәтиже:	Оқушылар жай бөлшектерді қосу және азайту амалдарын орындай алады.
Бағалау критерийлері:	Білу және түсіну бөлімдері бірдей және бөлімдері әртүрлі жай бөлшектерге қосу және азайту амалдарын орындай алады. Білімін қолдану қолданбалы есептерді шешуде бөлшектерді қосу және азайту ережесін қолдана алады
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларда өз бетімен жұмыс істеу мәдениетін дамыту, ұйымшылдыққа үйрету, бірін-бірі сыйлау, академиялық шыншылдық, сыни тұрғыдан ойлау.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Мультимедиялық тақта, презентация
Пәнаралық байланыс:	Информатика
Бастапқы білім:	Сандардың ең кіші ортақ еселігін білу, жай бөлшекті, дұрыс және бұрыс бөлшектерді білу.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	I. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен амандасып, оларды түгендеп, сабаққа дайындығын тексеру. Сабақ тақырыбымен, жоспарымен және оқу мақсатымен таныстыру.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p>II. Жаңа сабақ. Оқушыларға жұптасып, 2x4 өлшемді тіктөртбұрыш салу және оны бірдей сегіз бөлікке бөлу ұсынылады. бөлігін көк түске , албөлігін қызыл түске боятқызып, келесі сұрақтар қойылады.Тіктөртбұрыштың барлығы қанша бөлігі боялған? Орындалған әрекеттісанды өрнектің көмегімен қалай жазуға болады? Бөлімдері бірдейбөлшектерді азайтуды қалай орындау керектігін түсіну үшін жұппенпрактикалық жұмыс орындайды: Қағаздан ұзындығы 8 см, ені 1 см болатын жолақ кесіп алып, оны бірдей сегіз бөлікке бөлу керек. Жолақтың5/8бөлігін кесіп алу керек. Сұрақ: осы жолақтың көмегімен 5/8-3/8азайтуамалын қалай көрсетуге болады? Қандай нәтиже алынады? Мәтінесептерді шығару: Оқушылар бірінші күні берілген учаскенің -нің, екіншікүні одан -ге артық бөлігінің арам шөбін отады. Екі күнде оқушыларучаскенің қанша бөлігінің арам шөбін отады? Катердің өзен ағысыменжүзгендегі жылдамдығы км/сағ, өзен ағысының жылдамдығы км/сағ.Катердің меншікті жылдамдығын табындар. Бірінші күні учаскенің та-ныңөнімі, екінші күні та-ның өнімі және ады. 2 күнде қанша гектардың өніміжиналды? Теңдеулерді шешіңіз. (Мұғалім тақтаға бір теңдеудің шығарыпкөрсетеді. Қалғандарын оқушылар өздері шығарады.)</p> 	
Сабақтың соңы	<p>III. Бекіту. Келесі диалогқа/жазылымға қажетті тіркестерді пайдаланып сөйлемді аяқтаулары қажет: - бөлімдері бірдей екі бөлшекті қосу (азайту) үшін ,... керек; - бөлімдері әртүрлі екі бөлшекті қосу (азайту) үшін,... керек; - толықтауыш көбейткішті табу үшін ,... керек; - бірінші бөлшектің толықтауыш көбейткіші ... болады; Үй тапсырмасы: Жай бөлшектерді қосу және азайту амалы қолданылатын 5 теңдеу құрастырып, оны шешіп келу.</p>	
Рефлексия	<p>Рефлексия.БЕСТІК: Оқушыларға қағазға қолының суретін салу тапсырылады. Әр саусақ –адамның өз пікірін білдіреді. Басбармақ-мен үшін маңызды және қызық; Сұқ саусақ –маған қиын болды (ұнамады); Ортаңғы саусақ –маған жеткіліксіз болды; Аты жоқ саусақ –менің көңіл күйім; Шынашақ –менің ұсынысым.</p>	